

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 39. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2001 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 Р951894\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымша:

реттік нөмірі 14-жолдағы, 3-бағандағы "этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 27-жолдағы 3-бағандағы "Алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 34-жолдағы 2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын, 3-баған мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру;  
алкогольді өнімдерді сақтау және көтерме сату";

"Қазақстан Республикасында этил спирті мен арақ импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 Р971031\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 263 - құжат) :

3-тармақтың екінші абзацындағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыға 2-6-қосымшаларға сәйкес белгіленген номенклатура бойынша тауарлардың экспорты мен импортына (этил спирті мен арақтан басқа) л и ц е н з и я л а р б е р с і н . " ;

Мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті этил спирті мен арақтардың импортына лицензиялар берсін";

4-6-тармақтар тиісінше 5-7-тармақтар болып есептелсін.

< \* >  
< \* >  
< \* >

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 P971640\_ қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережеде;

"Негізгі міндеттері" деген тарау мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын :

"20. Алкогольді өнімді өндіруге және оның айналымына мемлекеттік бақылау "

20-63-тармақтар тиісінше 21-64-тармақтар болып есептелсін; көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымы" деген 1-қосымшада :

"Алкоголь өнімін өндіруге және оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)" деген сөздермен толықтырылсын .

ЕСКЕРТУ. 1-тармағының 17-23 абзацтары күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1258 қаулысымен. P991258\_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың абзацтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. P991433\_

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдар және

жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК